

**Қарқаралы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 5 қарашадағы XXXXII сессиясының № 42/379 "Қарқаралы ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 қаңтардағы XLV сессиясының № 45/404 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 ақпанда № 3649 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 маусымдағы № VI-29/262 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 21.06.2018 № VI-29/262 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарқаралы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 5 қарашадағы XXXIV сессиясының № 42/379 "Қарқаралы ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3532 тіркелген, 2015 жылғы 19 желтоқсандағы "Қарқаралы" № 101-102 (11432) газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 19 желтоқсанда жарияланған), келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 386-бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:"**.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,  
аудандық мәслихат хатшысы*

*С. Нуркенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК